

Орынбай БЕКЖАН

(Түркістан)


МАҢҒЫСТАУДАҒЫ СЕНЕК ЖАЗУЫ

В статье излагаются значения трех рунических знаков, написанной на каменной столбе, найденной из Мангыстауской области.

Bu makalede, Mangıstav ilinde bulunan dikili taşlar üzerine kazılan üç ayrı Runik işaretlerin anlamlarından bahsedilmektedir.

Көне түркі күл (руна) жазулы еңбектердің таралу аумағына көңіл аударсақ құндар (хун, гун, хунну, сюнну т.б.) мекені Сары өзен-Хуанхэ, Сары теңізден Хунгарияға дейінгі ұлан-ғайыр территорияны көз алдымызға келтіруге болады. Бұл аумақтың екі шетінде де құн сөзінің тұруы кездейсоқ емес, табиғи заңдылық болып табылады. Соның бел ортасында Қазақстан жері керіліп жатыр. Ал көне түркі күл жазуына Қазақстанның қатысы қандай деген сұраққа профессор А.Аманжоловтың [1] еңбегінен жауап табуға болады. Бұған қосымша енесей жазуларына *арғын* руының [2] қатысы бар екені анықталып отыр. Сондай-ақ, Қазақстанның әр түкпірінен көне түркі күл жазулары табылып жатыр. Осыған орай Қазақстан эпиграфикасын үлкен-үлкен аумақтарға бөліп атау уақыт талабы екені мәлім. Кейбір аумақтан қазір шықпағанмен кейін табыла беретіні күмән туғызбайды. Олар былай аталуға тиіс деп білеміз: Шығыс Қазақстан жазба ескерткіштері, Сарыарқа (Орталық және Солтүстік Қазақстан) жазба ескерткіштері, Батыс Қазақстан жазба ескерткіштері, Сырдария жазба ескерткіштері, Жетісу жазба ескерткіштері. Бұлардың іштей Алтай, Ертіс, Іле, Талас т. б. болып бөліне бергенінің еш зияны жоқ. Шығыс Қазақстан аумағына бұрынғы Семей облысы да кірсе, ал Батыс Қазақстан құрамына Ақтөбе облысынан Маңғыстауға дейінгі төрт облыс тұтас қосылады. Сырдарияға Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстары еңсе, Жетісуға Жамбыл, Алматы және бұрынғы Талдықорған облыстары жатады.

Сондай жана жазулардың бірі – Батыс Қазақстаннан табылған Маңғыстау жазуы болып отыр. 2002 жылдың 21 мамырынан бастап бір айға дейінгі мерзімде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Ғылым Орталығы Түркология ғылыми-зерттеу институты ғылыми қызметкерлер, Түркия азаматы, филология ғылымдарының докторы Али Аббас Чинар мен тарих ғылымдарының кандидаты, ясауитану бөлімінің меңгерушісі Зікірия Жандарбекті Маңғыстау облысына ғылыми экспедицияға жіберді. Экспедицияның негізгі мақсаты ясауитануға қатысты материалдар жинау болды. Экспедиция өзінің алдына қойған мақсатын түгел орындап, 4 маусым күні табысты оралды. Экспедицияның ясауитану материалдарына қосымша үлкен олжасы, түркология ғылымына қосылған жаңалық, Ералиев ауданындағы «Ерсарының қайрағы» деген жердегі көне түркі күл жазуы бар үлкен сынтасты табуы болды (суретті қараңыз). «Ерсарының қайрағы» деп сол сынтас аталады екен.



Сынтас Сенек ауылынан Қызылсайға бара жатқан жолдың орта шамасында, жолдан батысқа қарай қиыстау жерге орналасқан екен. Тас аса катты тас емес орташа каттыға жататын құм (қайрақ) тас болса керек (көрушілердің айтуы бойынша орысша *песчаник* аталады). Биіктігі 2,5-3 м жұмыр, баған тас. Суретке карағанда тастың диаметрі төменнен жоғарыға қарай қысқара беретіні байқалады. Төмендегі диаметрі 1-1,5 м шамасында. Жана өзеннен Қызылсай, Сенекке дейін 35-40 км жобасы болып қалады. Тас баған бұрын жерде құлап жатқан. Оны 1980-90 жылдар аралығында бірнеше азаматтар тұрғызып қойған. Астына кімдер тұрғызғаны және уақыты жазылған. Бірақ экспедиция қызметкерлері оны жазып алуды қаперден шығарып алған.












Жазу тас бағанның жоғарғы жағында көне түркі әліппімен, ірі етіп, терен ойылып жазылған. Үш таңбадан тұрады:

𐰇𐰆𐰇𐰇

Транскрипциясы: **Қа** **НҒ** е.Лі

Аудармасы: **Қаңлы** елі (тура мағынасы : **Қаңқ** елі)

1. **𐰇** Қ таңбасы Еуропадағы көне түркі жазуларының ішінде Волга-Дон жазуында кездескен. С.Я.Байчоров (3) бұл таңбаның мағынасы **Қ** дауыссызы болып табылатынын дәлелдегені белгілі. Қос сызықтың біреуі ұзынша, екіншісі қысқалау болып келеді. Волга-Дон жазуында оң жағындағысы ұзынша болатыны байқалады. Бұл жазуда керісінше сол жағындағысы ұзындау. Мұндай варианттық айырмашылықтар күл жазуында кездесе беретіні аян. Таңба енесей [2] жазуында, үшінші іле жазуында [4] да қ мағынасында қолданылған. Енесей жазуындағы (Е-88) таңбаның сол жағындағы сызық ұзыншалау болса, Іле – 3 жазуындағы таңбаның оң жағындағысы ұзындау. Бұл жағынан енесей жазуы мен Маңғыстау жазуы сәйкес келеді.

2.  Бұлардың дыбыстық мағыналары ғылымда толық ашылмаған болатын. Таңбаларының ұқсастығына қарай бұл таңбалар  ш,  нт және **н** болып оқылып келді. Кейбір орхон ескерткіштерінде  бұл таңба **нт** (*Мойын Чор, Ырық бітіг* т.б.) болып оқылатыны да рас. Ал енесей жазуларында біздің анықтауымыз бойынша бұл таңбалар күл жазуларындағы алтыншы **нғ** (**нғ**, **нк** - **нғ**), **нр** (**нғ**, **нк** - **нғ**) бірігінкі дауыссыздары болып саналады. Осы таңбалардың **н** болып оқылуына *санун*  (Е-48)  (Е-24) және бұн  (Е-26),  (Е7) сөздерінің белгілі **н** және белгісіз  **нғ** таңбаларымен қатар жазылуы ықпал еткен. Ал шындығында бұл таңбалар **нғ** немесе **нр** болып оқылуы керек еді. М.Томанов **н** дыбысы туралы: «Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ак сөз ортасында айтылатын **н** дыбысын **нғ** (кейде **нр**) дыбыс тіркесінің жаңа көрінісі, соның фонетикалық ықпалдасуының нәтижесі деп қарайды» [5] дейді. Сондай-ак Рясененнің моңғол тілдері (**нғ**) мен түркі тілдерінің (**н**) арасындағы сәйкестікті көрсеткенін айтады. Мысалы, қазақ тіліндегі *қоңыр* сөзі моңғол тілінде *қонгур* болып дыбысталатынын көрсеткен. Бұлармен қатар И.А.Батмановтың енесей жазбалары тілінде **н** (**нғ**, **нр**) дыбысының жіктеле бастауы болған деген пікірін келтіреді. Яғни, И.А.Батмановтың бойынша ескерткіштер тілінде *-ңыз*, *-гыз* қосымшаларының қатар қолданылуы соның дәлелі. Бұл пікірді біз де қолдаймыз. Өйткені, енесей ескерткіштеріндегі ,  **нғ**, **нр** бірігінкі дауыссыздары арқылы жазылған сөздер соны дәлелдейді.

НҒ дыбыс тіркестерінің әрқайсысын жеке-жеке таңбалармен белгілеген және екеуін бір таңбамен жазған енесей ескерткіштеріндегі осы

бірігінкі дыбыстарды дәлелдейтін бір сөз **БҮНҚА** сөзі. Жеке танбалармен жазылған түрі Е-48 [6], [7] ескерткіштерінде кездесті: бнч>с 'бұңқа' (бұнда, тура мағынасы - бұған). Е-11 [6, 29], [7, 19, 61, 92] ескерткішінде **БҮНҚА** сөзіндегі **нк** дыбыс тіркестері ⊙ бір танбамен белгіленген: бнч>с «бұңқа» (бұнда, тура мағынасы - бұған). С.Е. Малов та, Д.Д. Васильев те «бұна» деп транскрипциялаған. Аудармасын 'горя', 'мун' деп берген. Е-16 [6, 38, 7, 93] ескерткішінде мына танбалардың ⊙ , ⊙ **нф**, **нк** бірігінкі дауыссыздары мағынасында оқылатынын анық дәлелдейтін мысалдар бар. Мысалы. Ү>⊙Д йалаңқұс. ⊙С анық. ЗРОА чыңқыз. 'Йалаңқұс' сөзі казак тілінде екі түрге жіктелген. Біріншісі - 'жалғыз', екіншісі - 'жалаң(аш)' сөздері. 'Анық', 'Чыңқыз' кісі есімдері казак тілінде 'Анық', 'Шыңғыс' түрінде сақталған. 'Анық' атауында **н** дыбысы түссе, 'Шыңғыста' екеуі де сақталып, тек **қ** дыбысы ұяңдағаны көзге анық көрініп тұр. Е-98 [7, 76] ескерткішінде де ⊙ , **нк** бірігінкі дауыссыздары танбасы арқылы жазылған жана сөздер бар. Сонымен бірге ол танбаның жіктік жалғауы ретінде қолданылуы да ұшырасты:

$\text{РАЖІТРА:Х ЖІНА:ХОЖО:ҮН:С>ДО>:Т (4)}$

$\text{УУУУОНРҮНҮН:У,КГА:УОЗЗ:НЗЗ:ЛО (5)}$

$\text{ҰРІ:РАР НҮН:РНХО>А), (У'Б, ЗЗЗ ТЗЗ:УУУР:ОНЧ> (6)}$

Транскрипциясы:

4) $\text{eP}^2 \text{ oHГ ай'ҮН' ҚазҒаН'ДыРГ'ыз Б'ӨК'М(ед'иЦ)іЗ Б'eГ eP^2 eKiM Б'eГ}$

5) $\text{aHГ ал' ад'ыP'ыл'Д'ыHГ'ыз аЧыҒА Қ IP^2 Қ eP^2 iГ ҚаHГ С'ыз Қал'...}$

6) $\text{ҰРҰ Қа Н'ы eP^3 eP^2 iH^2 E ыД'ҮҚД'А аЗҒыл'ыҒ Т'ОНГ'үЗ Т'eГ Т'іP^2 iТ^2... Г... Б'eГ CІЗ}$

Аудармасы:

4) ерді онай таптыңыз (өзіңізге қараттыңыз) (оған да қызығына) бөкпедініз. Бек ерегім бек

5) анғалдыкпен айрылдыңыз (өлдініз) жасына (?)... әкесіз қал...

6) Ару рухты текті ер ханы ердің еріне қасиеттен айрылған доңыздай тірілт... бек...

Бұл Е-98 ескерткішінің фотокөшірмесі берілмеген. Біз Д.Д. Васильевтің қол көшірмесіне сүйеніп отырмыз. Ескерткіште ⊙ **нк** бірігінкі дауыссыздары арқылы жазылған жана сөздер - *оңқай*, *аңқал*, *қаңқ*, *тоңқұз* сөздері. *Оңқай* сөзі казак тілінде 'оңқай асық' түріндегі тіркесте кездеседі. Біздің түсінігімізше асықтың оңқайы оң қолдың бас бармағы асықтың алшы жағындағы шұңқыршыққа дөп келсе, сол болады. Тіліміздегі 'оңай' сөзі осы *оңқай* сөзінің оңайлатылған түрі болуы ықтимал. Қалған *аңқал*, *тоңқұз* сөздері ілгерінді ықпал және дыбыстың түсуі нәтижесінде тілімізде *аңғал*, *доңыз* түріндегі өзгерісімен әлі қолданылып келеді. Төртінші, бесінші жолдағы *қазғандыңғыз*, *абырылдыныңғыз* сөздері жіктік жалғауында да ⊙ **нф**, ⊙ **нк** дыбыс тіркестерінің көне дәуірде қолданыста болғандығына куә болады. Оның уақыт өте келе И.А. Батмановтың пікірінде айтылғандай тілдік

даму заңдылығына сай *-ыңыз, -іңіз және -ығыз, -ігіз* түріне ауысканы түркі тілдерінің тілдік жүйесінен айқын көрінеді. Енесей ескерткіштерінде **нғ** дыбыс тіркестерінің тәуелдік жалғауы ретінде қолданылуы да ұшырасады. Сондай-ақ, бұйрық райы түріндегі қолданысы да бар. Бұлар туралы және басқа да мәліметтер жайында арнайы еңбек жазылды [8].

3. **У** жіңішке **л²** таңбасы. Бұл таңба көне түркі күл жазуларының бәрінде де кездеседі. Енесей жазуында *ел (мемлекет, ел-жұрт)* мағынасындағы қолданыста жиі жазылған. 'Ел' және 'іл' түрінде екі вариантта да қолданылған. Е – І [6, 11; 7, 82] ескерткішінде алдында **е** таңбасы қосылып жазылған: **л²УЕ** 'ЕЛ²іМЕ' (еліме(нен)). Е-29 [6, 57; 7, 103] жазбасында алдында **і** таңбасы қосылып жазылуы кездеседі: **л²УІ** 'ІЛ²іМД²Е' (елімде). Е-32 [6, 62; 7, 105] ескерткішінде алдынан және сонынан **і** таңбасы қосылып жазылған: **л²УІ** 'ІЛ² ЧОР² ІЛ²іНЕ' ҚазҒаН²Д²ыМ² 'Ел Шор(а) еліне тауып жинадым'. Сондай-ақ екі жағынан да дауыстылар жазылмай қолданысы Е-2 [6, 14; 7, 83] ескерткішінде кездеседі: **л²УІ** 'ЕЛ²іМ ЕР²Д²еМі' 'елімінің бағқы'.

Орхон ескерткіштерінде де **у** **л²** таңбасы *ел іл (мемлекет, ел-жұрт)* сөзінде дауыстылардың қатысына қарай түрліше қолданылады. Күлтегін ескерткішінде (КТү 46) екі жағынан да **і** таңбасы жазылуы арқылы қолданылған: **л²УІ** 'ІЛ²іН² аЛ²Т²ыМЫЗ' 'елін аламық'. Сонында **і** дауыстысы жазылмай тек алдында ғана жазылуы да ұшырасады (КТү 25):

л²УІ 'ІЛ² Б²ІР²іГМЕ Т²әҢРІ' 'Ел берген тәңрі'. Сонымен бірге Күлтегін ескерткішінде екі жағынан да дауыстылар жазылмай қолданылуы кездеседі: **л²УІ** 'ЫҒЫР²ЕЛ²Л²іГД²Е' 'ығыр болған, егескен елдікте' (КТү 29). С.Е. Малов аудармасында 'ығыр' сөзін 'ыгар' деп транскрипциялаған. Аудармасын 'верные (племенные союзы)' 'сенімді (дос елдікте)' деп аударған. Бұл сөз казак тіліндегі 'ығыр болу' (мезі болу) тіркесіндегі 'ығыр' сөзімен түбірлес болуы мүмкін. Сондай-ақ, тіліміздегі *ег + е + с + у* сөзіндегі *ег* түбірі осы *ығыр* *ыггыр* сөзінің жіңішке варианты болуы ықтимал. Мағыналарының жақындығы осы тұжырымға әкеліп тірейді. Сонда дұрыс аудармасы 'ығыр, егескен елдікте татулық орнаттым' болады.

Бұлармен қатар: **л²УІ** 'ІЛ²Л²іГіГ ІЛ²С²іР²еТ²МіС²' 'елдіні елсіреткен', (КТү 15) **л²УІ** 'ЕЛ²іМіЗ' 'еліміз' (КТү 22) мысалдарында да дауысты дыбыс таңбалары жазылмай қолданылған. Келесі бір енесей ескерткішінде (Е-69) *ел* сөзі және *елдің аты* екеуі тіркесе қолданылуы ұшырасады [7, 36, 72, 114]. Бұрынғы еңбегімізде [2] біз мәтінді толық берген болатынбыз. Қазір өзімізге қажетті тіркесті ғана келтірейік. Мұнда *ел* сөзінен кейін **і** дауыстысы, яғни тәуелдік жалғауы жазылған: **л²УІ** 'аР³ҚҰ ЕЛ²і' 'Арғын елі'. *Ел атауы және ел* сөзі бірге жазылған тағы бір мысал Күлтегін (КТү 4) ескерткішінде кездесті. Бұл мысалда **л²** таңбасының екі жағында да дауыстылар жазылмай қолданылған: **л²УІ** 'Б²ӨКЛ²і ЧӨЛ² (Л²) іГ еЛ²' 'Бөклі шөліндегі ел' [6, 21].

Транскрипциясы:

ал'ТЫ Й'ашыМТ'А ҚаҢҒ ад'ыР'Д'ыМ еБ'І еЛ'іН' еМД'еМ ӨЧ'іЧ'іМЕ
Й'ыТ'А ад'ыР'Д'ыМ Б'ыЧ'ыР'ыР' ӨЧ'іЧ'іМЕ ҚаҢҒ'ыМыН' еР'Д'еМі
аТ'ы еГ'іМ еР' еР'Т'і

С.Е.Малов аудармасында біршама өзгешеліктер бар. Ол «адырды» сөзінің өзгелік етіс екеніне көп мән бермеген. Егер оған мән берсе, «алты жастағы бала әкесін өлтірді» болып шығар еді. Бірақ біз мәтіннің толық еместігін ескеруіміз керек. Мүмкін алты сөзінің алдындағы сөздер өшкен болар. Олай деп тұжырымдауға толық мүмкіндік бар. Өйткені үстіңгі жолдың аяғындағы орындар бос тұр. Ондай жағдайда **ᠠᠯᠲᠢ** 'ОН' аРТ'ҰҒЫ ал'Т'Ы' 'Он алты' болып жазылған болуы да ықтимал жайт. Осы себептерден де С.Е.Малов 15 –27 таңбаларды 'білінмедім үч ічіме' 'Я не сознавал (этого). Я, горюя, отделился от трех моих старших братьев...' деп аударарды. Біз аудармамызда өзгелік етіске мән береміз. Өйткені ол сөз екі рет қайталанған. Сондықтан оны қате жазылған деп есептеуге болмайды. Мәтіндегі 'емдем' сөзі "Көне түркі сөздігінде" кездеспейді. Дегенмен, оның 'емгек' сөзімен түбірлес болуы 'қиындық' мәніне жуық екенін де байкатады. Сондай – ақ ол 'бычыр'ыР'ыР' 'кесер' сөзін де аудармай қалдырған.

Аудармасы:

(Он) алты жасымда ханды өлтірдім, үйін, елін қинағаны (үшін) өштігімнен өлтірдім, кесер өштігімнен, қанымның ерлік данқты аты Егім Ер еді.

Бұндағы 'қаңқ' сөзінің аудармасын 'әке' деп аударуға да болады. Ол қан өлтірушінің әрі әкесі де болуы да ықтимал. Бұған ұқсас оқиға тарихта талай ұшырасканы мәлім.

Е-10 (6) [6, 25; 7, 88, 89] ескерткішінде 'қанқ' сөзінің 'хан' мәнінде қолданылғанына айқын мысал келтірілген [8, 45]. Алдыңғы еңбегімізде

ᠬᠠᠨᠴᠢ 'қақанқ' > 'қақан' > 'қаған' сөзінің 'қа' "үлкен, ұлы" және 'қанқ' "қан (хан)" түбірлерінен құралғаны туралы мәлімдегенбіз. Алайда қақан атын білдіретін мына тіркесті **ᠶᠲᠢᠨᠢᠮᠢᠨᠠ** 'тірік' сөзінде **ᠨ** ү әрпі

жазылмағандықтан **ᠪᠡᠬᠦᠭᠦ ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ** деп транскрипциялаған едік. Қазір соны **Бөгү** сөзінің соңында ү әрпі жазылғаннан соң, тіркес арасына сөз бөлу белгісін қоймай, бір атау ретінде еріндік үндестікпен оқылады деген есеппен

ᠶᠲᠢᠨ ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ сөзіне ү таңбасын жазбаған деп тұжырып отырмыз.

Сондықтан ол тіркесті **ᠪᠡᠬᠦᠭᠦ ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ** деп қайта транскрипциялағанды жөн көрдік. С.Е.Малов **ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ** сөзін оқымай тастап кеткен. Д.Д.Васильев [7, 18]

ᠠᠯᠲᠢ 'алты' сөзін **t'iq** деп транскрипциялап, **ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ** сөзін **t'r'k** деп жазған.

Мұндағы бір ерекшелік **ᠠ** ы таңбасы басқа **ᠠ** таңбамен белгіленген.

С.Е.Малов та, Д.Д.Васильев те ол сөзді **ᠲᠡᠶᠢᠷᠦᠨᠦᠬ** **Бөгү** деп оқыған. Ол таңбаның осы ескерткіштің 5 – жолындағы **ᠶᠲᠢᠨ** 'қаны' сөзінде де қолданылғанын байқауға болады. **Бөгү** сөзін "Көне түркі сөздігінде" [9] 'дана, данышпан' 'мудрый, мудрец' деп аударған. Сондай – ақ **Бөгү қаған** (Тон. 34, 50) кісі есімі де **Бөгү II** деп берілген. Тонұққ ескерткішін қарағанымызда

ᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨ

Б²ӨГҮ ҚаҒаН¹ (Тон 34)

ᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨ

"Т²ҮР²ҮК Б²ӨГҮ ҚаҒаН¹ҚА" деп екі рет жазылғаны мәлім болды. Бұл кісінің екінші аты **ᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨ** Қапаған қаған (Тон. 51, 60, 61) үш рет жазылған. Е-10 ескерткішіндегі *Бөгү Түрүк қақанқ* осы Көктүрүк қағанатындағы Елтеріс қағанның інісі, Тонұқұқтың екінші қағаны *Түрүк Бөгү қаған* екенінде дау жоқ. Сондай-ақ Көктүрүк қағанаты *Көрт елі* деп те аталған. Біз оны *көк йұрт* тіркесінен туындатқан болатынбыз. Біздің болжамымыз *Бөгү қағанның* анықталуы арқылы шындыққа айналуға жақындаған тәрізді. Біз бұдан *Білге, Бөгү Түрүк, Елтеріс қағандар* мен *Тонұқұқтың арғұ* мен *қырғызға* біртұтас ел құру үшін жорық жасап, оларды бағындырғанын, онда *Бөңке* деген кісіге *Орданың (Орұнқ) "алтын кісе"* *'ер белгісін'* беріп *'бек'* сайлағанын аңғарамыз. Бұл деректің анықталуы *Білге қаған ескерткішіндегі арғұ* атауының жазылғандығы жайындағы пікіріміздің [2] дұрыстығына бұлтартпас дәлел болады.

Е -38 [6, 67; 7, 28, 66] ескерткішінде к~с сәйкестігіне дәлел болатын *қанқ* сөзінің **ᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨ** таңбасымен жазылған нұсқасы кездеседі:
ᠠᠨᠵᠢᠨᠠᠨ Транскрипциясы: **аЛТ'ҮУ С'аНҒА КеЛ'іП**
 Аудармасы: **Алту санқ(қ)а (ханға немесе әкеге) келіп...**

Түркі тілдерінде к(к) ~ с [8, 45] сәйкестігі бар екені көптеген мысалдар арқылы белгілі болып отыр. Мысалы *қақ~соқ, кеп~сеп* [саб(п)-сөз], *қам~сам* [шам(ан)], *қар~сер* // *сірі (қар), кере~сере (қазы), қына~сына* (индеецтерді сынадай қырып) [10], *кафтан* // *қап тон ~ шаптон > шаптан > шапан, кеп+ка ~ шап+ка* // *кеп+еш (бас киім), кокымшо* [11]~*қосымша* (марий тілінде *кокымшо* "второй"). Сондай-ақ екі сөздің басындағы к~с, сонындағы р~з сәйкестіктеріне мысал келтіруге болады: *кер- ілу сөз + ылу*.

Қанқ сөзінің басты мағынасы *хун (хунну ~ сюнну, сиунну, гун// гун)* этнонимінің түпкі төркіні болуы болып табылады. Қытай жазбаларындағы *хунну, сюнну (сиунну)* атауларының екі түрлі болуы түркі тілдеріндегі к~с сәйкестігіне орай туған ерекшеліктер. Өйткені түркі тілдерінің өзінде *қанқ* сөзі *санқ ~шанқ ~манқ ~танқ* [8, 37] тәрізді сәйкестіктерге ажырап кетеді. Қытайша *хун* болып айтылуының өзі түркілік жуан к дыбысы арқылы **ҚҰНҚ** (*қонқ // қанқ // қынқ*) болып дыбысталғанның әсері екені даусыз.

Алдыңғы еңбегімізде көрсеткен р~д//т~з//ж~й~н және к~с~б~м [8, 37, 45] сәйкестігі арқылы *қанқ* сөзімен төркіндес сөздердің мағыналарын таратуға болады. Солардың алғашқысы *қанқ* // *құнқ* сөзінің жінішке нұсқасы *күнк* сөзі. Бұның мағынасы казак тіліндегі *күн (космоним)* сөзінің мәні болады. Моңғол тілінде *күн* сөзі *кісі* деген мағынаны білдіреді. Көне енесей ескерткішінде де *күн* сөзі адам мәнінде қолданылған. Бұл көне түркілердің түп-тегі құнқтардың өздерін аспан денелерінен таратуынан пайда болған. Тау-тастардағы күн басты адамдар суреті осының нақты айғағы болып табылады. Қазактың көреген ақыны Мағжаннан бастап қазіргі көптеген

жазушыларымыз айтып жүрген *гун* сөзінің мағынасы казак тіліндегі *күн* деген мәнді білдіретіні жөніндегі пікір ақиқат болып шықты.

Е-42 [6, 76; 7, 30, 68, 107] ескерткішінде \odot нк таңбасы арқылы жазылған:

ДОНУ КҮНҚ АЙ, “күн ай” – күн сөзі кездесті. Бұл күн сөзінің көне түбірі *күнк* екенін дәлелдейтін нақты дерек. Е-11 (5) – [6, 31; 7, 21, 61, 92] ескерткішінде *күн* сөзінің *туыс* мағынасында қолданылуы ұшырасады:

»Х»В»Q»J»||14||J»Y»H»J»M»J»<»G(3)

Транскрипциясы:

5. Б¹ҰДҮН¹ЫМА КҮН²ІМЕ Қад¹аШыМА ад¹ыР¹ыЛ¹Д¹ЫМ А
Б²ӨКМед²іМ

Аудармасы: Халқыма(нан), туысканыма(нан), ағайыныма(нан) айырылдым (қызығына) бөкпедім.

Күн сөзімен түбірлес *гүнеш*, *күнес* секілді сөздер *күнк* // *күнч* вариантынан туғаны шүбә тудырмайды.

Қанқ > *қанқ* > *қақ* сөзі күнге, отқа какталу мағынасын білдіріп, түбірі *қанқ* екенін байқатады. Ай аты *қаңтардың* да *қанқ тар* “қысқа күн” мағынасынан туғанын көруге болады. Осыдан барып *қаңтарылу* “аттың басын жерге тигізбеу” мағынасы пайда болған деп топшылауға да мүмкіндік туатындай.

Қанқ ~ *санқ* сәйкестігі арқылы *санққұр* > *сеңгір* [8, 45] сөзінің мағынасының жуықтығы сезіледі. *Санқ* сөзі “аспан”, “биік” мағынасын білдіріп, *сеңгір* сөзіне ауысқан.

Қанқ ~ *шанқ* сәйкестігіне *шаңқай түс*, *күннің шаңқиюы* тәрізді мағыналарды келтіруге болады. Сонымен бірге *шанқтың* “күн” мағынасын білдіруіне киіз үйдің шаңырағы атауының шығу тәркіні нық дәлел бола алады. Біздің болжамымыз бойынша *шаңырақ* сөзі *шанқ қарақ* сөзінен пайда болған. *Шаңырақ* сөзі кейбір жергілікті ерекшеліктер ретінде *шаңғарақ* деп те айтылатыны мәлім. Бұл *шанқ қарақ* > *шаңққарақ* > *шаңқарақ* > *шаңғарақ* > *шаңырақ* сияқты өзгеру сатыларынан өткен *күн көзі*, *күнге қарау* мағыналарын білдіретін тіркестен туған көне қолданыс екені аян. Тіліміздегі *шәңиу* сөзі *тәңірімсіп шәңиуін* немесе *шіреніп шәңиуін* деген тіркестердегі мағыналарымен қолданылатыны белгілі. Қ.Салғараұлы *құнқтардың* (сиунну) елбасысын көне қытайлықтар осылай атаған [12] деп көрсетеді. Шындығында алдымен *құнқтар* өз елбасын осылай *шәңиу* деп атаған болуы керек. Бұл кейінгі дәуірдегі казак хандарын *хан ие* деп атауымен сәйкес келеді. Дегенмен, енесей ескерткіштерінде *қанн*ның көне атауы *қанқ* және оның варианты *санқ* болғаны туралы айтылды. Сондай-ақ *с*~*ш* сәйкестігіне орай *шанқ* болып аталғаны да дау тудырмайды. Олай болса *құнқ* заманында да *шанқ ие* болып аталған деуге толық негіз бар. *Ие* сөзін көне түркілер *іді* деп атаған. *Іді* сөзі әр түрлі нұсқамен *іде*, *ідү* болып айтылуы да көне түркі тіліне жат емес. Ондай жағдайда *құнқтар* “шанқ іді (іде // ідү)” деп қолданған деуге

болады. Алайда олар *шанқ ие* (иү // иө) түрінде қолданбаған деп кесіп айту да қиын.

Қанқ сөзі және оның нұсқа-түрлерінің (вариант) тағы бір мағынасы – *тау*. *Қанқ~танқ~санқ~шанқ~банқ~йанқ* сәйкес- түрлеріндегі *банқ* сөзі былай талданады: *банқ ~ банч > бач > баш // бас* - 1. *шың*; 2. *бас* (дене мүшесі). *Банқ~манқ>ман>май* (мыймен сәйкес); *мынқ>мын>мый*; *манқлағ>маңқлағ>маңлағ>маңлай* (мыйлық деген мағынаны білдірген); *манқ//мұнқ>мұн>ұн* (*бидай басы* мағынасынан туған); Көне тау атауларындағы *қан // кен* сөздері (Алтын қан, Өтүкен, Хинган т.б.) *қанқ* сөзінен қысқарған. *Тау, тас* сөздері мынадай өзгерістерден пайда болған: *танқ > таңқ > тақ > тағ>тау; танқ~танч>тач > тау//тас*.

Қанқ~санқ~шанқ сәйкес-түрлерінен қазақ тіліндегі *қаңғу* (қозғалу) мағынасы, соған сәйкес *қанқа> қаңқа* (арба), *шаңғы, шана*, орыс тіліндегі *конь* (конек), *коньки, сани* (санки) сөздері тараған. Бұларға жақын орыс тіліндегі - *снег* (санқ~санг), қазақ тіліндегі –*шаң* [(шанқ > шаңқ) топырақ және қар ұлпалары] сөздері де тау басындағы *қарға* сәйкес туындаған деп ұйғаруға болады. Қытай тіліндегі *шань* (Тянь-Шань) сөзі де *танқ~ шанқ* сөздерінен ауысқаны көп дәлел тілемейді. *Шанқ* сөзінің *қар* мағынасында қолданылғанын тіліміздегі *сары шұнақ аяз* тұрақты тіркесі де дәлелдейді. Бұл тіркестегі *шұнақ* сөзі көне дәуірдегі *шұнқ* сөзінің қалдығы екені айқын. Мұндағы *сар(ы)* сөзі де *қардың* сәйкес-түрі. *Сары түс* мағынасын білдірмегені аңғарылады. *Сар шұнақ* сөздері бірінен кейін бірі тіркесіп, екеуі де *қар* мағынасын білдірген. Бұл тіркестегі *аяз* сөзі де *қар* сөзінің сәйкес түрі: *қар~ құр~ күз~ бұз~ мұз~ йұз*. Бұдан тағы да *құр* (тау) және *қар* (мұз) сөздерінің мағыналарының, дыбыстық формаларының жақындығы табиғи жақындықпен тікелей байланысып жатқанын көруге мүмкіндік аламыз. Тіліміздің мұндай даму құрылысы шеттен көп ықпалдың болмағанын, тілдің өз ішкі даму қасиеттерінің күшті болғанын танытады.

Қанқ // құнқ түбірінен тараған сөздердің ең қомақты бөлігі этнонимдер болып келеді. Бұның алғашқысы *қаңлыға* катысты. Өйткені *қанқ* сөзі туралы мәліметтер ең ерте кездегі “Авеста”, “Махабхарата”, Фирдаусидің “Шахнамасы”, Әбілғазының “Оғызнамасы” [13] секілді жазбаларда және қытайдың тарихи деректерінде келтіріледі. Маңғыстау жазуындағы *қанқ елі // ілі* тіркесінен **қанлы** ел аты фонетикалық өзгерістер нәтижесінде – *қанқ ілі > қанқылы > қаңқылы > қаңғылы > қаңылы > қаңлы* қалыптасқан. Оғызнамада да *қаңлы* сөзінің өзгерісі дәл осылай беріледі. Бірақ *қанқылы* “арбалы” мағынасындағы сөз түрінде беріледі. - *Лы, - лі* жұрнағының пайда болу уақыты XV ғасырдан кейін деуге болады. Бұл жұрнақтың одан арғы дәуірдегі кейпі – *лұқ, - лүк, - лық, - лік* тұлғасында болатын. Егер Оғыз қаған өмір сүрген уақытты шамамен I ғасыр деген күнде *қанқлұқ* сөзі VII–VIII ғасырға дейін –*ақ қанлұқ // лық* болып қалыптасып қойған болар еді. Бұл Оғыз намадағы *қаңлы* атауының шығу төркіні туралы аңыздың ойдан шығарылғанын дәлелдейді. *Қаңлы* сөзінің жасалу тәсілімен

пайда болған этнонимдер – *мұңғыл*, *саңғыл* атаулары. *Мұңғыл* атауы *құнқ*~*бұнқ*~*мұнқ* сәйкестігінен туған. *Қоңырат* руының құрамына кірген *маңғыт*(ай) ел атауы да осы *манқ*~*мұнқ* атауымен түбірлес сөз. “Қазақ шежіресі” [14] кітабындағы Сайдаккожа Жүсіпұлының көрсетуі бойынша *маңғытай* руы *маңғыт* және *қытай* руларынан құралған. Бұл дерек ру атауының өзгеріс жүйесінен де көрінеді: *маңғытқытай*> *маңғытқтай*> *маңғытттай*> *маңғытай*. Бұл екі руды біріктірген *Саңғыл би* еді дейді. *Саңғылдар* (Қоңырат ішіндегі ру) қазір өздерінің тегін осы *Саңғыл биден* таратып жүр. Бұл біздіңше, кате түсініктен туған. *Саңғылдар* өте көнеден келе жатқан ру. Ол - *қанқ*~*санқ* сәйкес-түрінен пайда болған атау. Осы екі сәйкестік *қаңғыл*~*саңғыл*, *қаңлы*~*саңлы* секілді ру атауларының пайда болу сәйкестігінен де көрінеді. *Саңлы* атауы XIII ғасырдағы оқиғалар желісінде ұшырасады. “Ахуал Чыңыс хан уа Аксак Темүр” (Қазан, 1820) атты кітапта [15] Шыңғыс ханды хан сайлауға Жетісудан он би барады да, *Қоңырат*, *Қытай*, *Селжұт*, *Қият* руларының билері “өз ханымыз бар” деп бармай қояды. Бірақ барған билерге қоса бұл билерге де *ұран*, *таңба* бөлінеді. Сонда: *Қоңырат би Арғалы Саңлы*: *ұраны* – *қоңырат*, *таңбасы* – *ай*, деп жазылған. Мұндай *арғалы* сөзімен жазылу *қият* руында да бар. Біздіңше, бұл Қоңырат тайпасы атынан *Саңғыл* руының биі аталған сияқты. Сайлауға барған он бидің ішінде өз аты аталмай ру атымен аталғаны кездеседі. *Мұңғыл* деп монғолдар өздерін осылай атайды. Бұл – көне түркі тіліндегі *мұнқ* *іл* тіркесінен туған атау. Шыңғыс ханға дейінгі монғолдар түркі тілдес болған. Бұл Шыңғыс ханның өзінің және әкесі Есугей батырдың түркілермен тікелей сөйлесуінен, әрі күйеу, әрі құда болуынан байқалады. Мүмкін монғолдар сол кезде қан жағынан да, тіл жағынан да сібір халықтарымен әжептәуір аралас болған болар. Бірақ өздері түркі тілін жақсы білген болуы да ықтимал. Қалай болғанда да қазіргі тілі бөлек *мұңғылдар* бұрынғы *қанқпен* тектес *мұнқ* атауын қабылдағаны айқын, немесе сібір халықтары көптеп келіп көне түркі тілдес *мұңғылдарға* қосылып, атауын қабылдап, қаны да, тілі де аралас елге айналған деуге де болады. Бұлай тұжырым жасауға дәлелдер жеткілікті. Қазақ құрамында *маңғыт*, *манақ* сияқты *манқ* түбірінен тараған ру атаулары көп табылатыны аян. *Жалайырлар* құрамындағы *сырманақ*, *шуманақ*, *бірманақ* ру атаулары осыған дәлел бола алады. *Жалайыр* атауы *Яғлақар хан* атауынан *йағлақар*> *йайлақыр* > *йалағыр*> *жалайыр* болып өзгеріске түсуден туған тәрізді. Бұрынғы *манқтар* *Яғлақар ханның* қарауында болып, кейін сол атты өздері иемденген деп болжам жасауға мүмкіндік бар. *Маңғыстау* жер атауының көне түрі *Манқышлағ* [16] аталған. Бұл да *манқ* ел атауымен байланысты туғаны кумән тудырмайды. Өйткені М.Қашқари оны “Оғыз еліндегі бір жер” деп түсіндіреді.

Құнқтармен тектес елдің бірі – *Қоңырат*. Ол атаудың өзгерісі – *қонқ* *ұрқы* – *от*> *қонқұрқот* > *қонқырқат* > *қоңырқат* > *қоңырат* болып келеді. Қытай жазбаларында “сиуннулер ұрпағын *гуту*” дейді [12, 34] деп көрсетеді Қ.Салғараұлы. Бұл сөздің *ұрқұ* –*от* тіркесінен туғаны айқын аңғарылады. Көне түркілер және олардың ата – бабалары *құнқтар* өздерін *күннен тараған*

сәулелер, оттармыз деп санаған, жат жұртқа да солай түсіндірген. Бұлай ойлаудың негізінде табиғи шындық – бүкіл тіршіліктің түп – тегі күн және оның сәулелері жатқандығын шынайы ұғу себебі жатыр. Қонырат құрамындағы қоңыршұнақ < қонқ // шонқ; жиенбет < йөнкбет (бет < бод // бот): құрбан < құт ~р банқ (банк ұлы); тіней < тенк оқ // ек (тенк ұлы) > тінкек > тінгег > тінег > тіней; көтен < көктенк; алғый < алқынқ (ұлы кынқ) > алқын > алғын > алғый ру аттары - құнқ варианттарынан шыққан атаулар. Қоңырат // құнқтардың көне ой-танымы бүкіл әлем жаратылысы – көк // тәңірі // аспан, оның ұлы күн, оның ұлдары - оттар, сәулелер – деген ұғым көктің ұлы < көк тонқ ұғлы, көтенші < көк тонқ ұғышы (ұғыш – тайпа, ел [17]) аталар атауынан-ақ айқын аңғарылады. Көктің ұлы атауы көк тонқ ілі (елі) тіркесінен калыптасқан деуге де болады. Екі атау да бір ұғымнан тууы ықтимал. Екеуі екі түрлі аталудың нәтижесінде және шежіредегі атаға бөліну дәстүріне сай екі ру атына айналған тәрізді. Сондай-ақ хунгар (венгр) да құнқтармен байланысты атау екені шүбә тудырмайды.

Үйсін атауы да құнқпен тектеседі: құ сұнқ > кү сүнк > үкүсінк > үгүсін > үйүсін > үйсін (құ – “ұлы”). Танқ ~ тонқ сәйкестігінен танққұт > танқұт > танғұт; тонқ > оғұл от > тонғұлот > тоңғұлот > тоғұлот > туглат // дуғлат > дулат ру атаулары тараған. Қанқ ~ банқ сәйкестігінен ала банқ > алыбанқ > алыбан > албан (ала – “ұлы”) ру аты туғанын көруге болады. Құнқтармен тегі бір, жері көрші тарихи ел қытай жазбаларында юечжи [20, 42] аталады. Тарихшы Н. Мыңжани оларды ұлы йозылар [18] деп транскрипциялап аударарды. Ұлы йозы казакша ұлы жүз деген мағынаны білдіретіні белгілі. Бұл жүзге бөліну дәстүрінің ежелгі дәуірден келе жатқанын дәлелдейді. Біздіңше, бұл юечжилер казак құрамындағы алшын руы. Алшын атауындағы ал (ала – “ұлы”) ежелгі ала йүз // чүз “ұлы жүз” атауынан қысқарған түбір де, шын “шынқ” түбірінің қалдығы. М. Тынышбаев Геродоттан Днепр өзенінің бойындағы алазон [19] тайпасының атауын келтіреді де оны алшын атауымен сәйкестендіреді. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі V – ғасыр. Ал Қытай дерегіндегі юечжилердің қоныс аударуы б. д. д. II – ғасыр. Бұдан кейбір тарихшылар айтып жүргендей көне түркі тектес халықтар қиыр шығыстан қиыр батысқа ұлы көш жасап түпкілікті қоныс аудармаған, тек қана өзіне тиісті, меншікті ата мекен аумағында емін-еркін көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан деген қорытынды туады. Яғни, олардың тұрғылықты территориясы қиыр шығыстан қиыр батысқа дейінгі ұлан-байтақ далалық өлке болған. Уақыт өте келе басқа халықтар көбейіп, жерлерін жырымдап ала берген. Тарыла-тарыла келе орталығы, қазіргі Қазақстан Республикасының аумағы ғана еншісіне тиді. Алшын атауының жасалуы өздерінің тектес, туыстас елдері үйсін, албан тәрізді ру аттарының жасалуымен ұқсас. Ала чүз шынқ “ұлы жүз шынқ” болып та, ала шынқ болып та атала берген. Содан қытайлар ала чүзді “юечжи” деп атағаны байқалады. Ал ала шынқ > алшын атауы шамалы ғана өзгеріспен қазірге дейін жетіп отыр.

Қаңлы мемлекеті жөніндегі пікірлерінде ғалымдардың көпшілігі [13; 18; 20] Қытай мәліметтеріне сүйенеді. Онда қытай зерттеушісі мемлекет атын *Кангюй* деп жазғаны айтылады. Мұнда бір көңіл аударатын мәселе қытай сөздеріндегі *юй, юе* морфемаларының түркі сөздеріндегі *л* (іл, ел, ал, ұл, үл) дыбысына сәйкес қолданылуы деуге болады. Мысалы, *кюе* “Күл (тегін)” *тюкюе*, “түрк елі”, *юебань* “ұлы бан”, *юечжи* “ұлы жүз”. Сол сияқты *кангюй* де “канг елі” болып транскрипцияланады. Бұл сөз болып отырған *қаңқ елі* тіркесінің дұрыс оқылғанын дәлелдейді. Қытай деректерінде қаңлы елінің бес бөлікке бөлінетіні, билеушісінің **Битянь** қаласында тұратыны айтылады. Ал Битянь қаласы *Лоюени* елінде болғаны айтылған [20]. Лоюени сөзін А.Н.Бернштам *ұлұғ ене* деген мағынаны білдірген [13] деп түсіндіреді. Біздіңше, бұл *ұлұғ йанқ* деген тіркестен туған. *Йанқ канк* атауының екінші нұсқасы. *Кангюй* аумағы үшке *Ұлұғ Йанқ, Орта Йанқ, Кіші Йанқ* болып бөлінген тәрізді. М.Қашқари *Йәкен* деген қала атын келтіреді [16]. Бұл *Йанкенттен* қысқарған атау болуы керек. *Йанкент* атауын ғалымдар *Янгикент* сөзінен туған деп қате түсіндіріп келді. Бұл, біздіңше, *Йанқкент* “қаңлы қаласы” деген атаудан туған. *Қаңқ елінің* астанасы **Битянь** – Отырардың маңайындағы көне **Көк Мардан, Пышық Мардан, Күйік Мардан** қалаларының бірі. Бұл қалалар археологтар тарапынан жақсы зерттелген деуге болады [21]. Археологтардың мерзімдеуі бойынша V – VII ғасырға жататындары Көк Мардан мен Пышық Мардан (бұлардың төменгі кабаттары әлі зерттелмеген), ал Күйік Марданды I – XIV ғасырларға жатқызады. *Күйік* сөзі *күнқ* атауынан өзгерген болуы ықтимал: *қаңқ~ күнқ> күнік> күйік*. Қытай тілінде *р* айтылмағандықтан *Мардан // Бардан // Бартан* атауын *Битянь* түрінде жазғаны байқалады.

Қаңлы мемлекетіне қатысты деп саналатын Орхон ескерткіштеріндегі *кеңерес* (КТү 39), *Кеңү Тарман* (КТү 21), *Темір қапығ* (КТк 2) сөздері. *Темір қапығ* сөзі Күлтегінде алты рет, Тонұқұқта (45, 46) екі рет қолданылған. *Кеңерес, Кеңү Тарман* сөздері тек Күлтегінде бір-ақ рет жазылған. Бұл қолданыста да *Кеңү Тарман* тіркесі *Темір қапығ* атауының варианты ретінде тура сол мағынада қолданылғаны байқалады. Онда былай дейді: *Құрығару Темір қапығқа тегі сүледіміз* (КТү 17) “Кейін Темір Қақпаға дейін жорық жасадық”, *Құрығару Кеңү Тарманқа тегі түрк бұдұнығ анча қонтұрдымыз* (КТү 21) “Кейін Кеңү Тарманға дейін түркі халқын сонша қондырдық”. Археолог ғалым К.Байпаков еңбегінде [20, 61] С.Кляшторныйдың *Кеңү Тарман* деп Сырдарияның ортасындағы *қаңлы – қаңғар – кеңерес* мемлекеті орналасқан жерді атағанын, ал Ф.Хирттың *Кеңү Тарман* деп *темір қапығты* айтқан деген пікірін келтіреді. Сондай-ақ, С.Кляшторный “*Тарман // Тарбан* Отырар қаласының бұрынғы аты, ол Қаңлы мемлекетінің астанасы” деген де пікір білдірген. Бұл жерде ең алдымен *кеңү, кеңерес* атауларының мағыналарын ашып алу керек. Сонда *Тарман // Тарбан* атауының мәнін ашу онайлайды. Жоғарыда айтқанымыздай көне түркі қағандары Сырдарияда орналасқан ел атауын *оғыз* деген. Яғни, *қаңлы* атауы ол кезде *оғыз* атауына жол беріп, тек *ру* атын білдіруге көшкені байқалады. Біздіңше, *кеңерес* атауы

тарихи мәліметтерде айтылатын *қанғар* // *кенгер* этнонимімен түбірлес сөз. Бұл атау *қанқ арысы* тіркесінен туған. *Арыс* сөзі *тайпа*, *ру* мағыналарын білдірген. Ал *кеңу* сөзі *қаңлы* атауын білдіру үшін қолданылмаған. Орхон ескерткішінде жорық жасаған, түркі халқын қондырған күн батыстағы ең шеткі меже *Темір Қапығ*, *Кеңу Тарман* аталады және осы жақтағы бұрынғы тұрғын халықтар *соғдақ*, *тәжік*, *тоқарды* (Тон. 5, 46) бағындырғаны аңғарылады. Бұдан *Кеңу Тарманның* Сырдың орталығында емес *соғдақ*, *тәжік*, *тоқар* мекендеген қиыр шетте екенін сеземіз. Біздің *Кеңу Тарманның* білдіретін мағынасы жайында үш болжамымыз бар. Бірінші – *Тарман* // *Дарман* атауы *Ферғана* қаласының көне түркілік аты болуы ықтимал. Өйткені, Қытай деректерінде Ферғананы *Даван* деп атаған. Бұл түркілік *Дарбан* атауындағы *р* дыбысын түсіріп айтудан туған деуге болады. Екінші – *Дарман* атауы Афрасиабтың баласы салдырып, өз атымен Барман [16, 18] атаған қала атымен сәйкес тууы да мүмкін деп білеміз. Онда *Барман* // *Тарман* Ферғананың көне аты болады. М.Қашқари Барман қаласы *Йұңу* өзенінің қасына салынған дейді. Мұндай жағдайда *Кеңу* атауы *Йұңу* атауымен сәйкес аталған өзен аты болып шығады. Үшінші – *Кеңу Тарман* атауының мағынасы *темір қақпа* мәнін білдіруі мүмкін. Немесе осыған жақын *Дарбант* // *Дербент* сияқты қала атауынан қысқарып пайда болуы да тіл заңына қайшы келмейді. Тілші ғалымдар *қақпа*, *есік* мәнін білдіретін *дар*, *дарбаза* сөздерін парсы сөзі деп түсіндіретіні мәлім. Егер түркі тіліндегі *тар*, *тер* түбірлес сөздерге тереңірек зер салып карасак, онда *дар*, *дарбаза* сөздері де түркі тілдеріне жат сөздер емес екенін ұғар едік. Есік сөзін түбірге бөлсек, түбірі – *ес*, *ас*, – *ік* – қосымшасы болар еді. *Е* дауыстысының алдында *й* дауыссызы болатынын ескерсек, *йес* болатыны белгілі. *Й*~*т* сәйкестігіне орай *йес* сөзінің сәйкес-түрі *тес* болатыны аян. *Тес* сөзіне –*ік*, қосымшасын жалғасак *тесік* сөзі шығады. Бұдан *тесік*~(*й*)*есік* сәйкес сөздері пайда болады. Бұл тәсіл арқылы біз (*й*)*ес* сөзінің ежелгі мағынасы *тес* сөзімен бір болғанын түйсінеміз. Мұндай жағдайда (*й*)*есік* сөзінің ең алғашқы мәні *тесік* сөзі білдіретін *ойық* немесе орысша *дыра* сөздерінің мағынасы екенін аңғарамыз. Түркі тілдеріндегі *р*~*з* сәйкестігін қаперге алсак, *тес* сөзінің сәйкес-түрі *тер* болатыны мәлім. Бұның жуан түрі *тар* // *дар* болады да, мағынасы *тес*~ (*й*)*ес* сөздерімен бірдей мәнді білдіреді. Және көне дәуірдегі *тарбан*(*т*), *дарбаза* сөздерінде сол мәнде қолданылған. *Тесік* мәніндегі *дар* (ағашы) сөзі тілімізде әлі де қолданылады. Орыс тіліндегі *дыра* түбірі де көне *тар*~*дар* сөздерінің сәйкес-түрі, яғни, түркі сөзі екені көрініп тұр. *Дарбаза* сөзіндегі *база* түбірі парсыша *боза* болып айтылады. Бұл да түркі сөзі. Яғни, есіктің *босағасы* деген сөздегі *боса*~ *боза* түбірі. Бұл - екі сан есім мағынасын білдіретін сөз. Ол мағына орыс тіліндегі *косяк* сөзінде сақталған: *Кос* + *як* ~ *қос* + *йак* “екі жак”. Бұл тілімізде “есіктің екі жақтауы” болып та айтылады. Бұдан *босаға* <*босақа*< *бос йақы*~ *қос йақы* сөзінің мағынасы да “екі жак” екенін ұғамыз. Мұндай талдаулар *дар бос йақы* > *дарбаза* сөзі көне заманда “есіктің екі жағы” мәнінде қолданылғанын дәлелдейді. Бұл тұжырым *Дарбант*~*Дербент* атауының мағынасы *қақпа қала* болатынан көрсетеді.

Өйткені *бант* сөзі *қанд-қант* сөзімен сәйкеседі. *Темір қақпа* мәселесін тәп-тәуір зерттеген М.Барманқұлов [22] темір қақпалардың шындығында өмірде болғандығына көптеген мысалдар келтіреді. Келтірілген мысалдарға қарағанда темір қақпалар екі жағы тау қысыңқы жолдарға орнатылған сияқты. Ол қақпаларға темір қоңыраулар орнатылғаны туралы да “Сиюй-цзи” шығармасынан үзінді келтіреді. Мұнда темір қақпаның Тухоло мемлекетіне шектесетіндігі айтылады. Бұл Тонұқұқта да жазылған: *Темір қапығқа тегіртіміз. Анта йантурдымыз. Інел қағанқа ... тәжік, тоқарысын* (Тон. 45), “Темір Қақпаға жеттік. Содан қайттық. Інел қағанға тәжік, тоқарды...” Тонұқұқ: “бұған дейін түркілерден *темір қақпаға* ешкім жетпеген еді, біз жеттік, сол үшін сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын, сыйлы керуендер есепсіз келіп жатты” (Тон. 48) дейді. Яғни, *темір қақпаның* ролінің тым жоғары болғанын осыдан байқаймыз. Темір қақпаның жан-жақты қызметі болғаны аңғарылады. Оның соғысқа, шекараға, алым-салық алуға т.б. қатысы үлкен зерттеуді қажет етеді. М.Барманқұлов темір қақпалардың біреу-екеу емес, көп болғанына мән береді. Олардың Дунайда, Босфорда, Қырымда болғанын, сондай-ақ Дербент пен Термез қалаларына жақын жерде де болғанына Де Клавихо сияқты саяхатшылар еңбектерінен мысалдар келтіреді. Дербент қасындағы *Хазар қақпасын* парсылар *Дер-и Ахенин*, арабтар –*Баб ал-Хадид* [22, 70] атағанын айтады. Бұлар *Темір қапығ* атауының сөзбе-сөз аудармасы. Түркілік *Темір қақпалар*, біздіңше, ең берісі Афрасиабтан басталған сияқты. М.Қашкари *Мару* қаласын Афрасиаб салдырған [16, 17] дейді. *Мар-Бар-Дар* сәйкестігін ескерсек *Мару* сөзі *қақпа*, *есік* мағынасын білдіреді. *Термез* атауы да *есіктің екі босағасы* мағынасын білдіретінін жоғарыдағы талдаулар анық көрсетеді. *Ферғана* атауы парсыша *фар-дар-и ахенин* тіркесінен туғанын байқауға болады. Мұндағы *фар-дар* түбірі парсыларға өткен түркі сөзі. *Ахан-ахен* “темір” сөзіне де ден қойсақ *қанқ-кенк* “темір, металл” сөзімен тамырлас екенін көреміз. Ойымызды түйіндей келгенде Орхон ескерткішіндегі *Кеңу Тарман* Ферғана мен Термез қалаларының бірінің атауы деген тұжырым жасаймыз. *Кеңу* сөзі *кенк* “металл, темір” сөзінің өзгерісі. Ал *Тарман* мен *Термез* қалаларының алғашқы толық аты *Тар боз бант* “қақпа(лы) қала” болған болуы ықтимал. Бұл екеуінің бірін таңдайтын болсақ, *соғдақ, тәжік, тоқар* халықтарының негізгі мекені Ауғанстанға ең жақын *Термез* қаласына тоқтаймыз.

Қаңлы, оғыз мемлекеті, түркі қағанаты, түргес елі, сондай-ақ құнқтардан тараған *қоңырат, алшын* (Түркменістан) рулары мекендеген жер, ел атаулары **түрік** атауымен байланысты болып келетіні мәлім. *Түрік* атауының шығу төркініне байланысты ерте замандағы оқымыстылардан бастап қазіргі жазушы-ғалымдарға дейін сан алуан пікірлер айтып келеді. Оған тоқталып жатпаймыз. Олардың бәрі де тарих көшінде кейін пайда болған мағыналар екені көп дәлелдеуді қажет етпейді. Біздің анықтауымызша **ТҮРІК** сөзі **ЙАРЫҚ ~ЖАРЫҚ** сөзінің көне дәуірдегі сәйкес-түрі. Жоғарыда айтып өткеніміздей көне құнқтар өздерін *күн сәулесінен тарағанбыз* дегені қазір жасырын емес. Осы тіркесті *күн сәулесінен жарағанбыз* десек те сол

мағынасында түсінетініміз аян. Яғни, *йаралу~жаралу~таралу* сәйкестіктері *түрік~төрік//тарық~торық~йарық~йорық~йөрік~йүрік* (баска да ә, е, і, ы, ұ дыбыстарындағы сәйкестіктерін қоса алғанда) сөздерінің сәйкес-түр екенін толық дәлелдейді. Бұған қосымша тіліміздегі **терезе** “окно” сөзінің шығу төркінін де дәлел ретінде келтіруге болады. Бұл сөз *терк+(й)ес+ек>теркесек>тергезек>терезе* өзгерісінен пайда болған деуге болады. Бұның мағынасы “жарық есігі” болып шығады. Көне құнқтар өздерін *құнқтармыз* “күндерміз”, *құнқ түркіміз* “күн жарығымыз, сәулесіміз” деп атаған. Уақыт өте келе *құнқ* атауы калып **түрік** атауы орныққанын байқаймыз. Егін мағынасындағы *тарық~тарығ* және дәрі-дәрмек мағынасындағы *дәрі~дары~дәру~дару* сөздері де “жарық” мағынасымен байланысты сөздер. Бұлар *от* “шөп” мағынасының пайда болуымен сәйкес, күн сәулесінің дүниеге тарауы арқылы болатын құбылыстарға негізделген. *Тарық~йарық* сөздеріне сәйкес сөздің бірі – *сарығ~серіг~зеріг* “алтын, сары” сөзі. *Алтын* кейін шыққан сөз. Тіліміздегі *сырға, сірге, зер* сөздерінің мағынасы алтынмен байланысты болып, соның негізінде жасалғаны аңғарылады. Ал бұл атаудың шығу тегі де жарықпен ұштасып жатыр. Ұлы жүз құрамындағы *сіргелі* руының аты *түрік* сөзінің бір нұсқа-түрі: *түрік~тірік~сірік елі >сірігелі >сіргелі*. Ру таңбасы *сірге* “мал тұмсығына тағатын істік” сөзінің екінші мағынасына сәйкестендіріліп алынуы мүмкін жағдай. Көне **АР, АЗ** ру аттары **ЙАР(ЫҚ)~ЙАЗ(ЫҚ)** сөздерінен бастау алған деуге болады. Бұл атаулар арғын, қырғыз, ұйғыр, оғыз (найман) руларының ежелгі рулық аттары деп ойлаймыз. Көне түркі ескерткіштеріндегі *арығ* “таза, ару” сөзі осы *йарық~йарығ* сөзінен шыққан. Бұл *от, сәуле, жарықтың тазалығы* негізінде дүниеге келген мағыналар екені шүбә тудырмайды. Осындай *тазалық, әділдік, ақиқат, дұрыстық* т. б. да мәндердегі *төре, жөн, шын, заң, жарғы, жора, жосық, жол, дәстүр, салт* секілді сөздер – “күн, сәуле” мағынасындағы *шынқ~занқ~йөнк; йарық~йорық~торық~төрік~йосық~дәсік~йолық; йалт~салт* сөздерінен туған төркіндес колданыстар.

Жоғарыда аталған “Қазақ шежіресі” [14, 111] атты кітапта жазылған ұлы жүз аталарындағы *Кейкі* - “кенктен”, *Майқы* - “манктан” өзгерген атаулар. Ал *Қотан* сөзінің өзгерісі *үйсін* атауының өзгерісімен бірдей, тек *танқ* сәйкес-түрінен туған: *құ // қо* “ұлы” *танқ* “күн”. Ұраны *Бақтияр* да “күн, от, жарық” мағыналарын білдіретін *Банқ от йарұқ(ұ)* тіркесінің өзгерісі. Қаңлының ұраны *Бәйтерек* - “ұлы түрік” мағынасын білдіретін сөз. Сарыүйсіннің ұраны *Байтоқ* сөзінің мәні *Бай тонқ* “ұлы тонк (күн)”, Алпамыс жырындағы *Жиделі Байсын* тіркесінің мағынасы “*от елі>от елі>үт елі >ійтелі> Жиделі, Бай сұнқ* “ұлы сұнқ(күн)” жері” дегенді білдіреді. Қоңырат руының ұраны *Алатау* “осы есімді бір батыр аты екен” деген не аңыз екені, не тарихи мәлімет екені белгісіз бір дерекке сүйеніп айтылады. Біздіңше, бұл атау да көне заманнан келе жатқан *Ала* “Ұлы”, *танқ>таңқ>тақ>тағ >тау* “күн” мағынасын білдіретін тіркестен туған. Көне дәуірде *ұлұқ танқ* аталып кейін *Алатауға* өзгергені байқалады.

Қонырат руының таңбасы **П** босаға аталатыны белгілі. Бұл қақпа. есік. дар-мар болып та айтылатыны туралы жоғарыда біршама сөз болды. Бұл таңба “Күннің шығатын есігі, қақпасы, босағасы, дары” деген мағынаны білдіретін Қиыр Шығысты таңбалау үшін алынғаны күмән тудырмайды. Алып Ер Тонаның, Оғыз қағанның МАРДАН есімінің жоғарыда айтылған мағыналарынан өзге темір қақпа мәні де бар. Мүмкін әлемнің сан түкпіріндегі темір қақпалар күңктардың аттарының тұяғы жеткен жерді білдіру үшін қалдырып кеткен таңбалары болар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы. “Санат”, 1996, 7- б.
2. Бекжан О. Енисей ескерткіштеріндегі белгісіз бесінші бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // “Тілтаным”, 2001, № 2, 99- б.; Көне арғын мемлекеті және оның жазуы // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы, 2001, 476- б.; Арғын этнонимінің шығу төркіні туралы // “ҚР Бж ҒМ ҰҒА Хабарлары”, 2001, № 4, 39- б.
3. Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. Ставропольское книжное издательство, 1989, 90-91- бб.
4. Бекжанүбірі О. Надыр күл жазулы ескерткіштің мағынасы // Сауранбаев және қазақ тіл білімі. Алматы, 2000, 123- б.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988, 65- б.
6. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.-Л., 1952, 94 б.
7. Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983, 32, 70, 110 - бб.
8. Бекжан О. Енисей ескерткіштеріндегі белгісіз алтыншы бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // “Түркология”, 2002, №1, 36- б.
9. Древнетюркский словарь. Л., “Наука”, 1969, 116- б.
10. Мырзахметұлы М. “Түркістан Тараз арасы...” Астана, “Білге”, 2002, 189- б.
11. Мұхаметшин Д.Г., Хакимзянов Ф.С. Эпиграфические памятники города Булгара. Казань, “Татарское книжное издательство”, 1987, 67- б.
12. Салғараұлы Қ. Сиунну. Алматы, “Санат”, 1998, 18- б.
13. Маргулан А.Х. Мир казаха. Алматы, “Институт развития Казахстана”, 1997, 39-44- б.
14. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, “Атамұра-Қазақстан”, 1994, 103- б.
15. Ата тарих айғақтары (Қ.Өмірәлиевтің туғанына 70 жыл толуына). Алматы, 2001, 27- б.
16. Қапқари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы, “Ана тілі”, 1993, 16- б.
17. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, 403- б.
18. Қазақтың көне тарихы. Алматы, “Жалын”, 1993, 58- б.
19. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925, 23- б.
20. Байпаков К.М., Елеуов М.Е. Кангюй, Кангха, Кангу Тарбан// “Түркология”, Түркістан, 2002, № 1, 56- б.
21. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата, “Наука”, 1989, 28-78- бб.
22. Барманқұлов М. Тюркская вселенная. Алматы, “Білім”, 1996, 51 – 92- бб.